

Бірнарзарт жотасы Үшқызыл тауының енесі тұғыры. Сырт бітімі қоңырлау келген момақан шоқының алқымындағы қыстау Бірнарзарт делінеді. Бұл атауға байланысы ескі көздер әр қилы аңызға дес береді. Қалмақ пен қазақ жауласқан ерте бір кезеңдерде осы манда үлкен шайқас болса керек. Үшқызылдың қанаттас серігіне жататын шоқыдан қарауылдаған шолғыншылар дұшпанның назарына ілікпейді екен. Жау көзін байлап тастайтын кереметі бар назарлы құтты шоқы содан былай «Бірнарзарт» атанған екен.

Қаламым шабандап жазудан жалыққанда, бой жазып қайтатын осы тұс маған шипажайға бергісіз. Сондайлық көз суырмағанымен «құтты шоқы» мені әркез өзіне тартып тұрады. Жат тұрмақ жақыныңа да үйірлесем алмайтын қатыгез кезеңде қазақы қонақжайлықтың да іргесі тұйықталып өрісі тарыла бастағанын көріп жүрміз. Кіно қоя алмайсың. «Сұңқар шашып жегеннің» заманы өткен. Асыра шашпалықты бойға шақтап, кей жағдайда, «құзғынша басып жеуге де» тура келеді. Ғұмыр бойы ауылда тұрып жатсам да, өз қазағымды әлі күнге «жат-ырқаудан» арыла алмай жүрмін. Жатырқаудың мәнісі әріде. Оны таратып шығу бұл жазбаның міндетіне жатпайды. Төрге озуды да өз жөні бар. «Аузы жаман елді былғайды, аяғы жаман төрді былғайды».

Бұл қыстаққа мен жиі-жиі ат басын бұрамын, шақырусыз келе беремін. Маған үй иелерінің тамағын да қабақтары ұнайды. Өткен күзде бір келгенімде қыстақ жинақыланып тәртіпке келіп қалған екен. Бірнарзарт шаруа қожалығының жетекшісі, ауыл қожайыны Жомарт Жақаев: - Өмеке, көрмідің бермейсіз бе? Қыстақты жанартып шықтық - деген еді. Аузы ауыр Жомарттың аяқ астынан суырыла қалғанын жаратпаған бәйбішесі Бақыт Шәкірқызы: - Ағатай сендей шаруагер емес. Қолындағы қаламынан басқа не бар ол кісіде? Қайта өзің бер! - деп отағасының бетін қайтарып тастаған-ды.

- Бөлеміз ғой, бөлеміз мадақтар деп сенміз ғой! - деп Жомарт тағы да шалқалап берсін.

Енді сөздің ретіне көшейін. Біреулер мені жазушы деп көтермелейді. Мен бар болғаны қойшының баласымын. Ол кезеңнің шопандары табиғатқа жақын шетінен дала академиктеріне лайық болатын. Маған біткен талант қойшы әкемен, даладан ауысқан. Содан да мен табиғаттың, ауылдың жырысы боп қалыпастым.

Әке-шешем мені қатарынан қалмасын деп оқытса керек. Он жыл бойы кісі үйінде, интернетта жатып оқыдым. Алыстағы қой фермаларының орталығындағы жеті жылдық мектепті аяқтаған соң, сегізінші сыныпты аудандағы орта мектепте жалғастырдым. Шешемнің ұйғаруы бойынша мен нағашы апам Ақажан әпкемнің үйінде жатып оқи бастаған едім. Ол кісінің аты-жөні Тойшыбекова Ақажан еді. Кезінде аудан көлемінде басшылық жұмыста болған еркек бағалы кісі. Қолында атақты Битабар балуанның ағасы Жұмаділда әкесі бар. Белгілі қаламгер жаңаарқалық жазушы Асан Жұмаділин Ақажан әпкенің туған інісі. Нағашы әпкем соғыстан оралмаған ағасы Нәбидің төрт баласын бауырына салып алған екен. Әпкенің Рзықия, Рзымхан есімді сіңілілері бала-шағалы екен. Қолында Түлкібай мен Бибіғайша болды. Түлкібай мен қатарлы. Бибіғайша он бітірген сылқылдаған қыз. Оны әпкесі Ақау деп атап кеткен. Бір күндері Ақау жоғалып кетсін! Ақажан әпке бұлан-талан боп, қызды табындар деп Түлкібай екеуімізді үйден қуып шықты. Ұзын құлақтан естуімізше Ақау бір жігітпен қол ұстасып кете барған. Әпкенің беті қатты, мысы бар кісі бола-

тын. Біз сол түні Түлкібай екеуіміз сиыр қорада түнеп шықтық. Кеткен қызға не істесін, әпке тулап-тулап басылған еді. Ағасынан қалған төрт жетімді жеткізіп кеткен қайран әпкенің ғұмыры аз болған еді. Майдан даласынан қайтпай қалған әке шаңырағына Түлкібай Нәбиұлы ие боп отыр, бала-шағалы бау-шарбақты. Рзықия мен Рзымханнан да ұрпақ қалды. Жомарттың шешесі Бибіғайшаны әпкесі еркелетіп өсірген екен. «Аққуым, ақауым!» деп қойнына алып жатады екен. Ақау есті қыз болатын, өз теңін тапқан еді. Балтабай мен Бибіғайша тату-тәтті өмір сүрді. Жаратқанның жазуы шығар, Бибіғайшаның ғұмыры аз болды, одан тоғыз бала қалды. Алты ұл, үш қыз. Жомарт әке мен шешенің үшінші баласы.

Жомарттың қабағында аздаған қолғақ жүреді, ол сірә өмірден мезгілсіз озған анаға деген аңсаулы сағынышы шығар-ау. Жомарттың мені бөле деуінде зәредей жалғандық жоқ. Шешесінің көзін көрген маған «сүйкеншіктегені мұңымды қозғайды, өткен-кеткен еске түседі. «Бөлеміз ғой, бөлеге жазады деп сенеміз ғой» деген базынасы орынды.

Прозаның ауырлығына арқаны жегізе-жегізе көк иық боп жүрген мен пақырға «бізді де бір жазсаншы» дейтіндер жетіп артылады. Өлісі бар, тірісі бар солардың кейбіреуінен көрген зәбірім есіме түскенде, көзге жас келеді. Қазақ десең өзіңе тиеді, біз бір-бірімізге міндетсіз жүретін өзімізді жұртпыз. Қазақы надандықтан әлі күнге арыла алмай келеміз. Мені мадақтамайсың деп сеніскен достың «жау боп» кеткендері қаншама. Оларға салса «жазу» деген ақ қағазға өз-өзінен төгіліп түсетін оңай дүние боп көрінеді, сенің әр сөйлемді қағазға қиналып түсіретінің есеп емес. Жазу өнерінің дертпен тең екенін білетін кім бар?

Жомарттың базынасын түсінуге болады. Сол жолы Бірнарзарт қыстағынан мен үлкен толғаныспен қайтқан едім. Бүгінгі заманның кейіпкерлерін прозада сомдай алмай жүрміз-ау деген ойдан көпке дейін арыла алмай жүрдім. Жазылып жатқан романның тақырыбын өзгерту мүмкін емес, мезеге жақындаған туындыны өз ырқымен жібермесен жасандылыққа ұрынасың. Сәтімен қағаз бетіне түскен шығарма сенің қақпайыңа көне қоймайды. Шығарманы өз ырқына жібермесен, туашақ оқиға сені адастырып кетеді. Содан да мен жазып жүрген туындыдан қол айыруға бара қоймайтын едім. «Сені бір сүмірейтіп жазбасам қара да түр!» - деп Жомартқа берген уәдем мүлдеп естен шығып... ел ішіндегі дүрбелең жағдай және аландатып, жазылып жатқан романның соңғы тараулары жанды және қинап, оның үстіне денсаулық сыр беріп... ұйқы бірде болып, бірде болмай, ақ қағазбен майдандасудан әбден титықтаған күндердің бірінде, осы таяуда ғана, Жомарттан шақыру жетсін. Алпысқа кеп қапты біздің бөле. Қалай үндемей қаласың? Жомарт сынды азаматты тілге тиек еткенде, тым сірескен мақала соқпағын шиырлағанды жөнсіз көрдім.

Бұл жігіттің асылы қожа әулетінен. Түр-тұлғасында нағашыларынан ауысқан кесектік те бар. Мол пішілген алқам-салқам кесек бітіміне қарамасаң, менің бұл бөлем жағадан ала кететін кеудем соқтықта бара қоймайды. Қорғасындай салмақты көтерімдінің нақ өзі. Кісі тегіне тартады. Жомарттың аталары қожа әулетінен. Әкесімен немерелес боп келетін Жақыпбеков Зекен Жаңаарқаға сыйлы еді. Сөйлеп кеткенде аузынан гүл төгілетін ұстаз Зекеннен мен де



## ДАЛА МІНЕЗДІ АЗАМАТ

біраз әңгіме алып қалдым. «Біз бір өмірге келген музыкантпыз ғой» деп төгіле сөйлеп кеткенде, аузына қарап қалатын едік. Мағыжанның өлендерін жатқа білетін еді.

Жомарт - көп сөзге жоқ түйек болғанымен, логикасы берік ашарымды азамат. Қанша дегенмен, туған нағашысы сөз зергері Асан Жұмаділин емес пе, ілме қалжыңға келгенде дес бермей кететіні бар. Ар-арасында өзінің қожа екенін мақтан көріп; «Көп сөйлеген күнә.» деп



бір жымың етеді. Осы бір жұмсақ жымыс ерлі-зайыпты Жомарт пен Бақытқа ортақ қасиет десек артық болмас. Бақыт Шәкір қызы көп балалы от басынан шыққан қойшының қызы. Әкесі кезінде даңғайыр шопан болған. Еңбекке жастайынан пісіп қатқан Бақытты қашан көрсең қолыңда шелегі жүреді. Сиыр сауып қарын-қарын май алады, күрпілдетіп бие сауып қымыз баптайтын да өзі. Бақыт баптаған сары қымыз Ақадыр мен Шеттен асып, отбасы орталығына да жетіп жатады. Мені көрсе сүйкеншіктеп тұратын Жомарт; «Ас иесімен тәтті, мен бұйырып дайындаған қымыз бұл!» деп қасакана шалқалайтыны бар. Шындығына келгенде, Жомарт пен Бақыттың отбасы, ошақ қасына ырыс қонған. Дастарханы берекелі бұлардың төрінен қонақ кетпейді. Ескілікті әңгімеде «ырыс қайда барасың» дегенде, «ынтымағы жарасқан отбасына барамын» - дейді екен. Осы күні мейлі-жанды шаруагерлердің кейбіреуі «жалшы жалдауды» әуезге айландырып алған. Оның да өз ығыты бар. Мал баққан дала адамына «ақ саусақтық» жараспайды. Арзан жұмысшы күшін пайдаланғанның жөні осы екен деп, азып тозған біреулерді «құлдыққа жегу» кісілікке жатпайды. Бірнарзарт қыстауын сағалаған «еңбек адамдарының» өң-түсінде токмейілдiк бар. Ауыл иесі қарамағындағы малшының еңбегін қанамай, өзімен тең ұстайтыны басқаларға үлгі болуға тиісті. Осы пікіріме Жомарт орнықты сөз қосқаны бар. «Біз қанша дегенмен кешегі кеңестік кезеңнің шет жағасын көрген ұрпақпыз. Тапсыз қоғамның да өз артықшылықтары болды. «Адамның еңбегін елемей-әділетсіздіктің ең асқынған түрі» - дегенді құлағымызға сіңіріп

өстік. Бұл тұжырым мұсылмандық ғұрыпта да бар. Кіс ақысын жеу - күнәнің ең үлкені делінеді.»

Сөзден де іске бейім бұл азаматтың моралдік бейнесінен мін таба алмайсың. Ақырын жүріп анық басу табиғатына сай келетін орнықты азаматтың тақуалығы да өзіне жарастықты. Бес уақыт намазын қаза жібермейді. Туыс-туған, жора-жолас, ауылдастарының өлік-тірігінен қалмайтын бауырмалдығы және бар. Ата кәсібі мал бағудың қыр-сырына әбден төселген бейнетқорлығына шәгініз болмасын. «Мен кешегі «Ортау» кеңшарының тоқты баққан шопаны болатымын, - деп бастайды Жомарт әңгімесін. - Аға шопандыққа енді ілкілі жүргенде совхоз тарап, жеке шаруа қожалықтарына бөлініп кетті де, тоқсан екінші жылы Бірнарзарт шаруа қожалығына жетекшілік еттім.

Бірден табысқа жеттім дей алмаймын. Қасқыр бір жағынан, ұры және баспалап, көңіл ала, ұйқы шала болған күндердің ыстық-суығына төзуге тура келді. Бірден бір сүйенішім құдай қосқан қосағым Бақыт десем артық болмас. Ауыл тірлігіне пісіп қатқан қойшының қызы емес пе. Құрдастарым мені: «Сенің дәуірлеп жүргенің Бақыттың арқасы» деп іліп шалатыны бар. Отбасын құрғанымызға да қырық жылдың мұғдары болды. Балаларымыз Алмас пен Жұлдыз үйлі баранды. Олардан Айша, Кәусар, Әлім, Ислам атты немерелеріміз бар. Солардың тәтті қылықтарына масайраған көңілдің шалқуында есеп болмайды, шаршағаның ұмытылып, қоңыл кірбені сап басылады».

Ауыл қазағымыз ғой. Малды ауылдың тірлігі қарбаласы кел деңді. «Мал адамды ащы қылады» дейтін үлкендер. Малдың еті тәтті болғанымен, бейнеті бастан асып жатады. Сол «бейнет» шаруагерлерге әлі де ілесіп жүр. Содан да Жомарттың тыным болмайды. Мал басын көбейтудегі тынымсыз еңбегі өз жемісін берді. Сұранысқа сай келетін асыл тұқымды ақ бас сиыр өсіруде «Бірнарзарт» шаруа қожалығы аудан бойынша алдыңғы орында. Бүгінде бұл шаруашылықтың қарамағында асыл тұқымды үш жүз бас сиыр бар. Бір отар Еділбай қойы Үшқызылдың бетегелі белеңінде қаптай жайылып жатады. Мұның сыртында үш айғырдың үйірі және бар. Малдың жем-шөбі деген болады, өріске шығарып бағымын қадағалау да шаруа қожалығының жетекшісі Жомарттың міндетінде. Несиесіз табысың молықпайды соған жүгіретін тағы өзі. Мал өнімдерін өткізу де өз мойнында. Ақадыр кенті орталығынан дүкен ашып қойған. Бұл да болса халыққа қызмет көрсетудің онтайлы тәсілі. Алғаш індет өршіген қиын тұста Ақадыр кентінің тұрғындары Бірнарзарт шаруа қожалығының сапырылған сары қымызын дертке дауа, жанға шипа еткенін қалайша айтпай қаласың. Ақадырда қанат жайған «Қымызмұрындық» молшылық меркесінде торсық-торсық қымызын тойшыларға тегін үлестіретін жомарттығы және бар. Сондай-да менің тілім шығып: - Заманның оңалғаны ғой, алуға болмаса беруге жоқ қожаның алақаны жазылайын деді, - деп Жомартты бір түйреп қаламын. Ол да маған есесін жібере қоймайды. - Қожа мен төре қазақтың бағы ғой, - деп жымың етеді. Әңгіме көп айта берсе. Мал өсірген шаруа дала сырына қанық болғаны жөн. Дала-алып кітап сынды. Даланың қойын-қолтығы тұнған шежіре. Сол шежірені ұрпақ санасына сіңіріп, ата-бабамыз мұраға қалдырған даланың аңқұсына қамқорлық көрсету шару-

агерлердің басты міндеті болуға тиісті. Мұны Жомарт жақсы біледі. Өрісті тұяқ кесті етіп тақырлап алмас үшін жазғы жайылым тәртібін қатаң сақтайды. Қыстауының маңы қыр шөбіне тұнып тұрады. Үй-қорасы тап-тұйнақтай. Қысы-жазы қыстаудан ірге айырмағандарды да көріп жүрміз. Жерді аздырып тоздыратын «жалқаулар» Жомарттан үлгі алғаны жөн. Әсіре мақтанғойлікке салынып шашыла беруге жоқ Жомарттың жинақылығы өзіне жарасады. Қазақтың бір міні «тойшылдығы» деп жүрміз. Даңғазадарылық жастарды бұзады. Бүгінгі жастар еңбекке икемсіз боп барады. Оларға салса молшылық өз-өзінен аспаннан жаңбырша жауып тұруға тиісті. Бойкүйез кер жалқаулар ата-анаға масыл болса бір сәрі, қоғамға да нұқсан келтіреді. Жыл басындағы «тәртіпсіздікке» үлес қосқандар өзіміздің қазақ жастары боп шыққанын жаның күйінеді.

Кінәнің бір ұшығы өзімізде жатыр. «Қалаға келдің» ақыры осы болды. «Қазақтың жаны даллада» екенін әр қазақ ұмытпауға тиісті. Дала-ұлттық рухтың тұғыры, ауыл-қазақтың құтты ұясы.

Осы қағиданы берік ұстанғандар ауылда баршылық. Солардың бірегейіне жататын Жомарт Балтабайұлына кітап арнама да болар еді. Ақтылы қой, көк алалы жылқы өсіріп киелі шоқы Бірнарзарттың баурайын еңбек дүбіріне толтырған Жомарт Жақаевты мерейлі алпыс жасымен құттықтаймыз. Қолда өскен түйенің тайлақ аты қалмайды демекші, көз алдымызда өскен Жомартты егделікке қимайды екенсің. Даңғазадардан өзін аулақ ұстайтын бұл азамат: «Маған атақ керек, орден, медаль керек» деп басылылқа алақан жаятын тілемсек әдеттен қалыс. Әйтсе де мақтау-марапаттан кенде емес. Ауыл шаруашылығы министрлігі тарапынан бірінші дәрежелі «Еңбек даңқы» белгісімен марапатталған. Әр жылдарда облыс, аудан басшылығы атынан алған алғыс грамоталары да жетіп артылады.

Жомарт пен Бақыт ұлттық дәстүр-салтқа үлес қосуда алдыңғы қатарда жүреді. Бір құшақ алғыс хаттың арасынан шыға келген мына бір марапаттың сөзі нәш екен. «Халықтық дәстүр-салтқа жанашырлық көрсетіп, «Қымызмұрындық» бие байлар мереке-жәрмеңкесіне айрықша үлес қосқаны және дәмді мол қымыз дайындағаны үшін Жомарт және Бақыт Жақаевтар әулеті осы алғысқа ие болды» - деп келтіреді Ақадыр кентінің басшылығы.

Алпыстың асқарына шыққан шоң мырзаға жыр арнағанды жөн көрдім.

Өлең ұшқыр қақпайға  
көне бермес,  
Қолайына қаламның келе  
бермес.  
Жыр арнадым Жомарттың  
алпысына,  
Қайран алпыс оралып екі  
келмес.  
Атың Жомарт, ісің де соған  
жақын.  
Сыйлысың ел-жұртыңа  
баған басым.  
Арқардың құлжасындай  
көрнектісің,  
Мырзалықпен кең қолтық  
шықты атың,  
Құт шаңырақ иесі ақ үздікті,  
Жомарт-Бақыт алпыс жақ  
болсын құтты.  
Ұзақ ғұмыр бұйыртысын  
өздеріне,  
Тәңірім нәсіп етсін  
жақсылықты.

Өмір КӘРІП,  
жазушы.  
Шет ауданы. "Бірнарзарт"  
қыстауы.